

Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым  
министрінің  
2016 жылғы «\_\_\_\_\_»  
№\_\_\_\_\_ бүйрығымен  
бекітілді

**«Үздік авторлық бағдарлама»  
респубикалық конкурсын өткізу ережесі.**

**Жалпы ережелер**

1. «Үздік авторлық бағдарлама» респубикалық конкурсын (бұдан әрі - конкурс) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Дарын» респубикалық ғылыми-практикалық орталығы (бұдан әрі - «Дарын» РҒПО) өткізеді.
2. Конкурс білім беру мазмұнын жаңарту мен жетілдіруге арналған.

**Конкурстың мақсаты мен міндеттері**

3. Шығармашылық жұмыспен шұғылданатын талантты педагогтарды анықтау, білім беру үйімдарының оқу жоспарындағы вариативті компоненті бойынша жаңашыл педагогикалық тәжірибелі педагогтар банкін толықтыру:

- педагогтардың еңбегін ынталандыру мен бағалаудың тиімді жүйесін өзірлеу;
- мұғалімдердің шығармашылық табыстарымен өзара тәжірибе алмасуын және кәсіби қарым-қатынасын үйімдастыру;
- конкурсқа қатысушылардың кәсіби шеберлігінің өсуіне жәрдемдесу.

**Конкурсқа қатысушылар**

4. Конкурсқа педагогикалық өтілі 5 жылдан кем емес білім беру үйімдарының педагог қызметкерлері, респубикалық мектептер, халықаралық мектептер, «НЗМ» АҚ, бала-бақша тәрбиешілері қатыса алады. Командалық жобалардың құрамына кемінде 2 қатысушы кіре алады.

Сайыскерлерді респубикалық конкурсқа ұсыну:

- мектептің педагогикалық ұжымымен (мамандандырылған білім беру үйімдарының);
- облыстық білім басқармаларымен, "Дарын" аймақтық ғылыми-практикалық орталықтарымен, облыстық оқу-әдістемелік орталықтармен, "НЗМ" ААҚ басқармасымен

**Конкурстың мазмұны мен өткізу нысандары**

5. Конкурсқа дарынды балаларға арналған гимназиялардың, лицейлердің, мамандандырылған мектептердің оқу жоспарларының вариативті компонентіндегі терендетіліп оқытылатын жекелеген пәндер, (курстар) бойынша оқу-әдістемелік кешендер, оқу бағдарламалары, оқу-